

Шымкент қалалық арнайы кітапханасында 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған “Ар намысым, мақтанышым - Желтоқсан” тақырыбында тарихи-патриоттық кездесу кеші өтті.

Іс-шара барысында “Ар намысым, мақтанышым - Желтоқсан” атты кітап көрмесі таныстырылып, қонақ ретінде шақырылған “Желтоқсан ақиқаты” қоғамдық бірлестігі өкілдері ПК “Желтоқсан ақиқаты” РҚБ Шымкент филиалының экс-торағасы, “Шапағат” тосбелгі иегері Ермаханов Балабек Нысанбекұлы, ПК “Желтоқсан ақиқаты” РҚБ Шымкент филиалы мүшесі, ҚР Құрметті сәулетшісі, “Ұлт патриоты” тосбелгі иегері Наханов Ниязбек Нұрмахамбетұлы, ПК “Желтоқсан ақиқаты” РҚБ Шымкент филиалы мүшесі, “Қазақстан патриоты” тосбелгі иегері Рахимов Берік Шегірбайұлы тың тарихи деректермен бөлісті.

Сондай-ақ Қаратау дәстүрлі өнер мектебінің ұстазы Бекзат Сәкенұлы әсерлі патриоттық әндерімен және Шымкент университетінің белсенді білім алушы жастары музыкалық өнерлерімен кездесу кештің мазмұнын байыта түсті.

Шара соңында мекеме басшысының атынан “Желтоқсан ақиқаты” қоғамдық бірлестігі өкілдеріне және қонақтарға белсенділік танытып өнер көрсеткендері үшін алғыс хаттар табысталды.



